


# Сөз зергері – Сейіт Кенжеахметұлы

Торғай топырағынан түлөп үшіп, барша қазаққа пайдалы іс атқарған азаматтарыныздың бірі де бірегейі - Сейіт Кенжеахметұлы екені даусыз. Қазақтың тілі мен салт - дәстүрін дамытып, даріптеуге олшеусіз үлес қосқан ағамыздың емір жолы кейінгі үрпакта енеге.

Сейіт Кенжеахметұлы сана-лы гүмірын қазақ қалқының иғлігіне ариаган тұлға. Эдебиет әлеміне алғаш рет жарқетіп сатиравық олendor мен мысалдар жазумен шықты. Астарлы ой арқылы қотамды тарбиелеуді мақсат тұтқан азіл - сыйқақ қойылымдары сол кездегі еліміздегі ең танымал «Тамаша» театры арқылы зо жыл бойы көрерменнің көзайымына айналды. Қазір де қаламгердің туындылары түрлі онер ұжымдары арқылы әзіл сүйер ағайынга насихатталып келеді.

Сейіт ағамыз сатирадан белек, салт - дәстүрімізді жаңғырту жолындағы еңбектерімен де елдің ықыласына болендей. «Жеті қазына» атты 4 кітаптан тұратын үлт мадениетіне ариаган ғылыми еңбегі жарық, көріп, «Қазақ халқының салт-дастурлері», «Қазақтың дархан дастарханы» атты көлемді энциклопедиялық дүниелері қазақ, орыс, ағылшын, қытай, түрік, азіrbайжан, т.б. тілдерде басылып шықты. «Қазақ халқының тұрмысы мен мадениеті» деп ата-



латын этнографиялық танымдық, еңбегі 2006, 2007 жылдары Мәскеуде откен әлемдік кітап базаспаларының көрмесінде 2 рет үшінші дарежелі диплом мен бағалы сыйлықта ие болғанын да мақтандышип айта аламыз.

Жерлесіміздің аудармашылық таланты бір тобе. Сейіт КЕНЖЕАХМЕТОВ аударған С.Олейник, С.Михалков, Э.Несин, И.Крылов, т.б. ақын-жазушылардың шыгармалары қазір де адебиет сүйер қауымның иғлігіне жарап түр. Онымен қоса қазақтың мысал әңгімелері мен олendorін кұрастырып жарыққа шығарды.

Ол кісі шыгармашылықтан белек қарым - қабілеттің түрлі қызыметтерде жүріп те қоғам пайдастына жарага білді. Қасиби журналисті ретінде еңбек жолын аудандық «Жаңа емір» газетінің болім менгерушілігінен бастап, он жылдан аса Костанай, Торғай облыстық газеттерінде адеби қызыметкер, белім менгерушісі, жауапты хатшы болды. Қазақстан Жазушылар одағының Торғай

облысындағы көңесшісі, Торғай облыстық «Қазақ тілі» кітапханасының терагасы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогика институтында доцент, кафедра менгерушісі, қазақ әдебиеті тарихынан даріс окушы, Торғай облыстық «Қазақ тілі» кітапханасының терагасы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жаңындағы «Отырар кітапханасы» Рылыми-зерттеу орталығында аға ғылыми қызыметкер, жетекші ғылыми қызыметкер, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты ректорының көңесшісі, институттың ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызыметкері міндетінде даңқты жерлесіміз абыраймен атқарған еді.

Талантты қаламгер осынша еңбегі үшін түрлі марапаттарды да иеленді. Ол кісі Костанай облысы меценаттарының «Қазына» сыйлығының, «Ана тілі» газетінің «Ана тілінің саңлагы» құрметті атағының иегері. Торғай және Арқалық қалаларының «Күрметті азаматы», ҚР «Білім беру ісінің құрметті қызыметкері», «Қаз ССР Халық агарту ісінің үздік қызыметкері», ҚР «Күрмет» грамотасымен марапатталған.

Осы жазылған маліметтердің барлығы Арқалық әшірлік мемлекеттік мұрагатында сакталған. Ол кісі жайын білгісі көлетіндерге біз бұл ақпараттарды толықжанды ұсынуга аркез дайынбыз.

**Эльмира ҚУРЫМБАЕВА,**  
**Арқалық әшірлік**  
**мемлекеттік**  
**архивінің жылғы са-**  
**натты архивисі.**